

қарағанда, қылмысқа қатысушылар немесе қылмыс құрбандары неғұрлым жиі ұшырасады, жұмысынан немесе тұрғын үйінен неғұрлым жиі айрылады, ал өз отбасын әрең құрса, оның нашакорлық немесе маскүнемдік жолға түсуі тіпті оңай, сонымен қатар олардың арасында суицид құрбандары да жиі кездеседі. Бұл - олардың жеке-дара өмірге енуінің үлкен қиындықтармен ұштасып, әр уақытта табысты жүрмейтінінің белгісі.

Қорытындылай кетер болсақ, жоғарыда аталмыш мәселелердің барлығы да біздің сол балаларға дұрыс қарым-қатынас жасай білмеуімізден туып отыр. Егер біз оларды қоғамға дұрыс қабылдасақ, олардың да қоғамға қатынасы қатаң болары даусыз. Яғни, оларға демеу болмауымыздың, жәрдем көрсетпеуіміздің салдарынан олардың да алар тәрбиесі қатыгездік болары анық. Бұл жағдайды алдын-алуымыз үшін, біз оларды жақсылыққа, мейірімділікке барлығымыз бірдей тәрбиелей білуіміз қажет. Ал ондай әрекетті біз өзіміз жасай білуіміз қажет. Біздің ойынша сонда олар өздерін қоғамнан ысырылып қалған болып сезінбейді деген сенімдемін.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы
2. <http://www.diplomkaz.kz/wp-content/uploads/2013/03/>
3. Бернс Р. Развитие Я-концепции и воспитание.- М.: Прогресс, 2007.
4. Лангмейер И., Матейчек З. Психическая депривация в детском возрасте. - Прага, 2004.
5. Евдокимов Ю.А. Коррекционно-развивающие функции работы по социальной адаптации воспитанников детских домов. – СПб., 2009. – С. 1-40.
6. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру мекемелерінде балаға достастық ортаны қалыптастыру технологиялары: Оқу құралы / А.Қ. Құсайынов, Ж.И. Намазбаева, А.Т. Құнанбаева, Ә.Б. Садықова. – Алматы: ROND&A баспасы, 2009.
7. Прихожан А.М., Толстых Н.Н. Психологическая помощь в воспитании детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей. - М.: Просвещение, 2010.

Капарова А.А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, математика және ақпараттық технологиялар факультеті, Ммаг-23 тобының магистранты
(Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент **Қосыбаева Ү.А.**)

ОНЛАЙН САБАҚТАРДЫҢ МӘНІ МЕН МАҒЫНАСЫ

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: *«Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы – білімжүйесі [1].*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шырдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген [1].

Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан-жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді. Мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса, жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса – оқушы тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ. Қазіргі педагогикалық әдебиеттерден 50-ден астам оқыту технологиялары қолданысқа енгізілгені белгілі болып отыр.

Білім беруде Интернет желісінің электрондық пошта, телеконференция, жіберу тізімдері (Mailing lists), электрондық оқулықтар, электрондық кітапханалар, WWW де ақпарат іздеу сияқты мүмкіндіктері кең қолданылып жүр. Сонымен қатар, желі ресурстарын пайдалану арқылы online режимінде сабақ өткізу, мысалға анимациялар, апплеттер немесе интерактивті виртуалды зертханалар пайдалану арқылы сабақтар өткізілуде.

Оқытудың қазіргі заманғы формаларының бірі дәстүрлі оқыту әдістерінің шегін едәуір кеңітетін және дамытатын, әрі оқушылардың танымдық пен шығармашылық белсенділігін дамытуға,

олардың оқу материалын толық меңгеруіне мүмкіндік тудыратын онлайн сабағы болып саналады. Осыған орай математиканы оқытуда онлайн сабақтарды өткізу бүгінде өзекті мәселелердің бірі.

Онлайндық технологиялар сипаты бойынша әдеттегі дәрісханалық сабақтарға жуық болатын шынайы уақыт режиміндегі ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді, бірақ сол кезде оқу бөлмелерін Интернетке шығатын компьютерлермен және проекциялық құралдармен, бейне конференция байланысы үшін құралдармен жабдықтауды және бір мезгілде компьютерлер жанында мұғалімдер мен білім алушылардың болуын талап етеді.

Онлайн сабақтарын басқа қалада, мемлекетте тұратын білікті педагогтар жанды интерактивтік тарату режимінде жүргізеді, ал оқушылар біздің елдің және бүкіл әлемнің ең алыс ауылдарында, қалаларында тұрады. Онлайн сабағына қатынас құру және оған қатынау үшін оқушылар өздерінің меншікті компьютерлерін немесе өз мектебінің компьютерлік сыныбындағы компьютерлерді пайдаланады. Екі жақты байланыс, үйден немесе мектептен шықпастан, қолайлы оқу мүмкіндігін қалдыра отырып, тікелей сыныптық сабақтардың тиімділігі мен сапасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осындай әдеттегі сабаққа бір оқытушы және үйден немесе сыныптан әрқайсысы жүйеге кіретін алты-жеті мектеп оқушысы қатысады. Онлайндық оқытудың ең тиімді технологиясы бейнеконференция байланысы болып саналады [2].

Ұйымдастыру жоспарында онлайн сабақ оған бөлінген уақыттың шектеулі болуымен, оқушылар құрамының тұрақтылығымен, бекітілген кесте бойынша ғана өткізілуімен, тек виртуалды түрде жүргізілуімен сипатталады.

Онлайн сабақтың негізгі типтері: жаңа білімді қабылдау және игеру, білік пен дағдыны қалыптастыру, проблемалы сабақ, аралас сабақ.

Онлайн сабақтардың педагогикалық ерекшеліктері:

– оқыту және тәрбиелеу функцияларының, мұғалім мен оқушы әрекеттерінің, оқыту мазмұны мен құралдарының бірлігі;

– оқушылардың «форум», «чат», «блог» режимдерінде жазбаша жауап арқылы танылатын белсенділігі;

– танымдық қабілеттің дамуы (яғни шығармашылық ізденіс үрдісінде жаңаны тануға ұмтылу және орындау);

– дидактикалық мақсаттың бірлігі және сол бірлікке сабақтың жекелеген бөліктерінің, элементтерінің бағынуы;

– сабақ және оның бөліктерін білім мазмұнын, оқу материалын игеру заңдылығын, оқыту әдістемелерін, сабақ өтетін орынды есепке ала отыра құру.

Сабақ тиімділігін қамтамасыз ететін бұл сипаттамалардың ерекшелігі бір жағынан оқыту үрдісінің объективтілігін, екінші жағынан мұғалімнің мазмұн ерекшелігін қаншалықты терең қабылдауынан, игеру заңдылығынан және т.б. көрінеді (оқыту үрдісінің субъективті аспектісі). Оған қоса сабаққа қойылатын талаптарды орындау мұғалімнің шығармашылығына, топ оқушыларының ерекшеліктерін есепке ала отыра оның қабілетін дамытуға әдістемелік түрде көмек жасауына шектеу қоймайды.

Онлайн сабақ педагогы ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жұмыс істеуді барынша жоғары деңгейде игерген болуы тиіс. Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқу әрекетін ұйымдастыру мұғалімнен оқыту үрдісін дәстүрлі оқыту үрдісімен салыстырғанда арнайы ақпараттық-білім ортасында өткізетіндей етіп жасауды талап етеді. Мұғалім өз сыныбын ыңғайлы уақытқа жинай алады [3].

Онлайн сабақтарының құрылымы дәстүрлі сабақтардың құрылымындай: білімдерді өзекті ету, жаңа материалды түсіндіру, бекіту, бақылау. Сол әдістер қолданылады: түсіндірме-безендіру, репродуктивті, ішінара іздестіру және басқалар. Бірақ бағыттылығы интерактивтілік, кеңесшілермен-мамандармен жедел кері байланыс, сабақтың ақпараттық өрісін кеңейту мұндай сабақты дәстүрлі оқытудан ашық білім алудың өзіне тән өтпелі формасына түрлендіреді.

Онлайн сабақтарында келесі әдістемелік тәсілдерді пайдалануға болады:

1. *Мұғалімнің Интернет-технологияларды пайдалануы:* сабақтың пән саласындағы жетекші мамандармен оқу сұқбатын ұйымдастыру;

2. *Оқушылардың Интернет-технологияларды пайдалануы:* сабақтың мәселелік саласы бойынша бейнеконференция режимінде жетекші мамандармен кеңесу;

3. *Білімдерді бақылау:* желілік жоба, желілік жарыстар, олимпиадалар, викториналар;

4. *Мектеп оқушыларының мультимедиялық таныстырымдармен сөйлеуі* тілін, ойлауын, жадын дамытады, бастысын нақтылауға, бөліп алуға, логикалық байланыстарды тағайындауға үйретеді.

5. *Рөлдік ойын* – оқушылар ұжымын шағын топтарға бөліп, олардың әрқайсысына мынадай тапсырмалар беру:

–Сабақтың тақырыбын талдау керек. Сабақ авторының көзқарасын атап көрсету керек.

–Интернеттен табу және сәйкес көзқарасты білдіретін ресурсқа сілтемені форумға орналастыру керек.

–Осы тақырыпқа шетел және отандық ғалымдардың көзқарастарын қысқаша сипаттау керек.

–Оқып білетін тақырып бойынша ақпарат қай беттерде бар екендігін Интернеттен табу және оған өз қатынасыңды білдіру керек.

–Ұғымдарды салыстырып, олардың мәтін мәнінде қолданылуын, эмоциялық бояуын және т.б. түсіндіріп, форумда талқылау керек.

Онлайн сабақтың дәстүрлі сабақтан артықшылығы әрқырынан қарастырылады: сабақтың ақпараттық өрісін кеңейту, өзге оқу мекемелерінің (мектептер, гимназия мен лицейлер) мұғалімдерін сабаққа тарту, географиялық қашықтықты жеңу т.б. Бұл мүмкіндік тағыда бір қырынан алғанда маман тапшылығы орын алатын білім мекемелері үшін, мамандары білім жетілдіру курстарына қатыса алмайтын мекемелер үшін таптырмайтын мүмкіндік.

Онлайн сабақтар ұйымдастыру алгоритмі келесі кезеңдерді қамтиды:

–Білікті мамандар қатысуымен тақырыпты таңдау,

–Мұғалім таңдауды негіздеу;

–Білімді бақылау (сабақты жүргізетін мұғалімге алдымен шағын аудиторияда жүзеге асыру мүмкіндігін беру).

Онлайн сабақтар басқа жағынан алғанда дәстүрлі сабақтардан ажыратылмайды, яғни мақсаты мен міндеттері толық жүзеге асырылады, кезеңдері сақталады. Қолданылатын әдістер де өзгеріссіз.

Мұндай онлайн сабақтардың дидактикалық мүмкіндіктері:

–өзге пәндермен интеграциясы;


–бағдарламалық материал аясында ақпаратты ұсынудың жүйелілігі мен жоғары деңгейі;

–компьютерлік коммуникацияның максималды жабдықталуы;

–оқу үрдісін әдістемелік жағынан қолдау [4].

Онлайн сабақтар жүргізу барлық жағынан алғанда сапаға үлкен ықпалын тигізеді. Соның негізінде, онлайн сабақтарды өткізуге байланысты «Онлайн сабақтар өткізу әдістемесі» атты әдістемелік нұсқау жасадық. Әдістемелік құралда онлайн сабақтар өткізу мәселелері қарастырылады және онлайн сабақ түрлері сипатталады. Оқу-әдістемелік құрал жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдеріне және «Математика» мамандығы студенттеріне арналған.

Әдістемелік нұсқауда онлайн сабақтардың негізгі типтері, педагогикалық ерекшеліктері, өткізу әдістемесі қарастырылған (сурет 1).



Сурет 1. Әдістемелік нұсқаудың мұқаба беті

Әдістемелік нұсқауда видеоконференция технологиясымен мәліметтерді аудио және видео түрінде берудегі, чат пен форумдар саласындағы заманауи жетістіктерді қолдануды атап өтілді.

Соның негізінде, әдістемелік нұсқауда онлайн сабақтарды видеоконференция технологиясын пайдаланып, демонстрациялық тәжірибе қолдану арқылы, спутниктік байланыс қолдану арқылы, тақырып бойынша Интернет ресурстарды пайдалау арқылы өткізу әдістемесі жайында қарастырылды.

Қосымша мәлімет ретінде, әдістемелік нұсқауға өзімнің бірнеше видео сабақтарымды ұсындым. Видео сабақтар «№92 гимназия» КММ 5 сынып оқушыларына келесі тақырыптар бойынша өтілді: «Координаталық сәуледе бөлшектер мен аралас сандарды кескіндеу», «Жай бөлшектерді ең кіші ортақ бөлімге келтіру тақырыбына есептер шығару», «Жай бөлшектерді салыстыру». Сабақ барысы оқушылар үшін аса қызығушылықпен өтті. Әрбір өтілген сабақтан соң, білікті мектеп ұстаздарының атынан пікірлер айтылды. Яғни, сабақ барысындағы байқалған кемшіліктер мен сабақтың ұтымды жақтары талданды. Нәтижесінде, мен өзімнің сабақ беру барысындағы кемшіліктерімді көре алдым.

Бүгінгі күні елімізде онлайн сабақтарды өткізу арқылы, көптеген ұстаздар өзінің педагогикалық тәжірибелерімен алмасуда. Сол арқылы, өтілген сабақ жайлы бір бірімен пікір алмасып, сабақтың кемшіліктері мен тиімді жақтарын талдайды.

Сондықтан, онлайн сабақтарды өткізуге арналған әдістемелік нұсқау, көптеген педагог ұстаздарға, оның ішінде жаңадан еңбек жолын бастаған жас мамандарға үлкен көмеген берері анық. Бүгін де, мектептерде онлайн сабақтарды ұйымдастыру бойынша ғылыми түрде негізделген әдістемелік ережелердің болмауынан желімен байланысты көптеген мәселелерді шешу қиындық туғызады.

Қорыта келгенде, қазіргі кезде еліміздің білім беру саласының алдына қойып отырған негізгі міндеттері ұлттың бәсекелестікке қабілетін арттыру, әлемдік білім кеңістігіне толығымен ену, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруде білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық бағдарламаларды тиімді және кеңінен қолдану, елдегі ақпараттық инфрақұрылымды әлемдік білім берумен ықпалдастыру, білім беру ұйымдарының байланыстарын нығайту болып табылады. Ал, желілік әлемде өзара әрекеттесудің объективті шарты ол білім кеңістігінде ақпарат алу мен алмасу үшін барлық субъектілерге қол жетімді болатын кең ауқымды мүмкіндік. Желіні онлайн режимде қолдану коммуникациялық медиум ретінде барлық халыққа ақпараттық-білім ортасында адамдардың қарым-қатынаста болуына, ақпараттарды уақытылы және сенімді түрде жеткізіуіне мүмкіндік ашады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://www.akorda.kz>.

2. Баймулдина Н.С., Джаманкулова Н.О. Внедрение системы электронного обучения в вузах Республики Казахстан. // Бюллетень лаборатории математического, естественнонаучного образования и информатизации. Рецензируемый сборник научных трудов. Том 2 –г. Москва -2012.

3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық –коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.

4. Есполов Т.Е., Кунанбаева С.С., Курманалина Ш.Х., Моминбаев Б.К., Нургалиева Г.К., Сулеев Д.К. Педагогическая технология информатизации образования. – Алматы: РЦИО, 2002.

Кәрімхан Ә.М., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Бизнес және құқық факультеті СР-21к тобының студенті

(Ғылыми жетекші - п.ғ.д., профессор **Минжанов Н.А.**)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ДАМУЫНДАҒЫ ЖЕТІМ БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

*«Жетім жерде жыласа,
Көкте тәңір күңіренер...»*

Жетім - ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала болып табылады. Сондай-ақ, ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын